

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық өлшеулер орталығы



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ»
(БІРІНШІ ТІЛ) ПӘНІ БОЙЫНША
СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ
ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

5 сынып

Мазмұны

| | | |
|-----|---|---|
| 1. | Бағалау мақсаты..... | 3 |
| 1.1 | Халықаралық стандарттармен байланысы | 3 |
| 1.2 | Оқу бағдарламасымен байланысы | 3 |
| 1.3 | Критериалды бағалау моделімен байланысы (КБМ)..... | 3 |
| 2 | Сыртқы жиынтық бағалауға шолу | 3 |
| 2.1 | Бағалау міндеттері | 4 |
| 3 | Емтихан жұмысының сипаттамасы | 4 |
| 3.1 | Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым (көркем мәтін)..... | 4 |
| 3.2 | Балдардың үлестірілуі..... | 5 |
| 3.3 | Емтиханды өткізу тілі..... | 5 |
| 4 | Емтиханды өткізу процесін басқару | 5 |
| 5 | Балдарды қою процесі | 6 |
| 6 | Бағаларды қою процесі | 6 |
| 6.1 | Бағалар сипаттамасы..... | 6 |
| 7 | Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі..... | 7 |

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы


5-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (бірінші тіл) пәні бойынша бағалау тапсырмалары бастауыш сыныптың Cambridge Primary stage халықаралық стандартына сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

5-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 3,4 және 5-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақ тілі мен әдебиеті» (бірінші тіл) пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау моделімен байланысы (КБМ)

Сыртқы жиынтық бағалау Критериалды бағалау моделінің бөлігі болып табылады, осы моделге сондай-ақ қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау кіреді.



2 Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

| | |
|--|-----------------|
| Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым (көркем мәтін). | 60 минут |
| <p>Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады.</p> <p>Емтиханның бірінші бөлімінде оқушылар мәтін үзіндісін оқиды және 14 сұраққа жауап береді. Үзінді оқушылардың жас ерекшелігіне сай келетін көркем мәтіннен алыну керек. Сұрақтар бір дұрыс жауапты қажет ететін үш жауап нұсқасынан құралған. Бір немесе екі сұраққа қысқа жазбаша жауап беріледі. Сұрақтар оқушылардың мәтінді, сонымен қатар жеке сөздер мен сөйлемдерді түсінуін бағалайды.</p> <p>Емтиханның екінші бөлімінде оқушылар ұсынылған екі түрлі жанрдағы сұрақтардың біреуін таңдап, толық жауап жазады. Жазылым жұмысы бірінші бөлімде берілген мәтін үзіндісіне қатысты болып келеді және кем дегенде 90-100 сөзді қамтуы қажет. Сұрақтар оқушылардың белгілі бір жанр бойынша жазылым қабілетін бағалайды.</p> | |
| Барлық балл санының 100%-ы | |

2.1 Бағалау міндеттері

| | |
|------|---|
| 1-БМ | Оқылым Оқушылардың келесі қабілеттері бағаланады: <ul style="list-style-type: none">• мәтіннің түрін / жанрын анықтау;• мәтіннің құрылымын / ұйымдастырылуын түсіну;• мәтіндегі сәйкес ақпарат пен идеяны таба алу;• дәл, анық және астарлы мағынаны түсіну;• автордың айтатын ойын / көзқарасын анықтай алу және талдау;• сөздердің мәнмәтінде пайдаланылуын, мағынасын және жіктелуін анықтай алу. |
| 2-БМ | Жазылым Оқушылардың келесі қабілеттері бағаланады: <ul style="list-style-type: none">• түрлі жанрдағы мәтіндерді жаза алу;• әңгімені дұрыс құрылымдау;• тиісті сөздік қорлар мен түрлі орамдарды пайдалану;• тыныс белгілерін дұрыс қолдану;• дұрыс жазу. |

3 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Бір жазбаша емтихан өткізіледі. Емтихан оқушылардың оқылым және жазылым дағдыларын бағалайды.

3.1 Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым (көркем мәтін)

Оқушыларға сұрақтарға жауап беру үшін 60 минут уақыт бөлінеді. Жалпы балл саны – 30.

| Бағалау міндеттері | Балл саны | Сипаттама |
|--------------------|-----------|---|
| 1-БМ | 15 | А бөлімінде оқушылар үзіндіні оқиды және әрқайсысы 1 немесе 2 балмен бағаланатын 14 сұраққа жауап береді. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай келетін мәтін 400-500 сөзден тұрады. Сұрақтардың үш жауап нұсқасы бар. Бір немесе екі сұраққа қысқа жазбаша жауап беріледі. Жауаптар оқушылардың автордың мақсатын, оның көзқарасы мен ойын түсінуін; дәл, анық және астарлы мағынаны түсінуін; көркем тілді түсінуін; сөздердің мәнмәтінде пайдаланылуын, мағынасы және жіктелуін анықтай алуын бағалайды. |
| 2-БМ | 15 | Емтиханның екінші бөлімінде оқушылардың жазылым дағдылары бағаланады, сондай-ақ оқушы берілген екі түрлі сұрақтың біреуіне жанрын ескере отырып толық жауап жазуы тиіс. Мәтіннен берілген үзіндіге кем дегенде 90-100 сөзден тұратын жауап жазылады. Жауап беру барысында оқушыға мәтіндегі ақпаратты көшірудің қажеті жоқ. Оларға берілген стильден ауытқымау керек (мысалы, ақпараттық мақала, хат, күнделік жазба, эссе, шағын әңгіме, ойынның сценарийі немесе шолу). Жауаптар жанр детальдары мен идеяларды пайдалану қабілетіне; сөздік қорына; мәтінді құрылымдауға; түрлі грамматикалық құрылымдарды, тыныс белгілер мен емле |

| | | |
|---------|----|--|
| | | ережелерін дұрыс пайдалануға негізделген жалпы балл қою кестесіне сәйкес бағаланады. |
| БАРЛЫҒЫ | 30 | |

3.2 Балдардың үлестірілуі

Әр тапсырма бойынша берілетін балл сандары төмендегі кестеде көрсетілген.

| Тапсырма | Критерийлер | Балл саны | Барлығы |
|----------|---|-----------|---------|
| Оқылым | Мәтін <ul style="list-style-type: none"> • мәтін түрі/жанрын анықтау • мәтіннің құрылымы/ұйымдастырылуын түсіну | 3 | 15 |
| | Сөйлем <ul style="list-style-type: none"> • сәйкес ақпараттарды іздеу • дәл, анық және астарлы мағынаны түсіну • автордың қолданған тілін/ойын/көзқарасын/мақсатын анықтау | 6 | |
| | Сөз <ul style="list-style-type: none"> • мәнмәтіндегі сөздердің жіктелуін, мағынасы мен қолданылуын анықтау | 6 | |
| Жазылым | Мазмұны | 3 | 15 |
| | Құрылымы | 3 | |
| | Тілі | 3 | |
| | Пунктуация | 3 | |
| | Дұрыс жазу | 3 | |

3.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

4 Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі баптарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін кабинеттерді дайындау.

5 Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ лидерлері және емтихан алушылардан тұратын Аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ лидерлері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ лидерлері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6 Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде оқушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады

| Баға | Сипаттамасы |
|------|--|
| А | Осы деңгейдегі тілді өте жақсы білуін және түсінуін көрсетеді. Жеке сөздер мен сөйлемдерді, деректерге негізделген мәтіндерді және көркем мәтіндерді түсіну қабілетінің өте жақсы екенін көрсетеді. Кез келген жанрдағы мәтінді жаза алады. Елеусіз қателер кездеседі. |
| С | Тілді жақсы білуін және түсінуін көрсетеді. Жеке сөздер мен сөйлемдерді, деректерге негізделген мәтіндерді және көркем мәтіндерді түсіну қабілетінің жақсы екенін көрсетеді. Түрлі сөздік қорын көрсете отырып, кез келген жанрдағы мәтінді жаза алады. |
| Е | Тілді шектеулі білуін және түсінуін көрсетеді Жеке сөздер мен сөйлемдерді, деректерге негізделген мәтіндерді және көркем мәтіндерді түсіну қабілетінің шектеулі екенін көрсетеді. Кез келген жанрдағы көркем мәтінді қатесіз жазу қабілетінің шектеулі екенін көрсетеді. |

7 Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Төменде мысал ретінде сұрақтар мен балл қою кестесі көрсетілген. Өрбір сұрақтың соңында оған берілетін балл көрсетілген, мысалы [1].

7.1 Емтихан жұмысы.

А бөлімі: оқу (көркем мәтін)

Төмендегі ертегіні оқып шығып, астындағы 1-14-сұрақтарға жауап беріңіз.

| Өз елінің ғажайып сиқыршысы | |
|--|----|
| Дауыл | |
| Дороти ұлы Канзас далаларының ортасында фермер Генри ағайы және оның әйелі Эммен бірге тұратын. Үй салатын бөренелерді арбамен бірнеше шақырым жерден тасу керек болғандықтан, үйлері шағын еді. Бөлмеде тамақ пісіретін пеш, ыдыс шкафы, үстел және үш-төрт орындық пен төсек тұратын. | |
| Ол жақта жиі дауыл тұрғандықтан, «дауыл төлесі» деп аталатын жерден қызылған шағын жертөле бар еді. Жолындағы бүкіл үйлерді қирататын күшті құйын тұрған жағдайда бүкіл отбасы сонда тығылатын. Оған еденнің ортасындағы есік арқылы кіріп, шағын, қараңғы жертөлеге баспалдақ арқылы түсуге болады. | 5 |
| Дороти есіктің аузында тұрып жан-жағына қарағанда, кең сұр даладан басқа ештеңе көрінбеді. Айнала мидай жазық дала, не бір ағаш, не бір үй жоқ. Күннің көзі жерді күйдіріп, оны бетінде жарықтары бар сұр батпаққа айналдырып жіберген. Шөптің өзі жасыл емес еді: күн биік шөптің ұшын күйдіріп, сұр түске бояп жіберген. Үйдің сырты бір кездері сырланғанымен, күннің әсерінен сыр жарылып, жаңбырдан шайылып қалған. | 10 |
| Эм апай алғаш келгенде жас, сүйкімді әйел болатын. Күн мен жел оны да өзгертіп жіберді. Олар оның жанарындағы нұрды сөндіріп, сұрландырып, алмадай қызыл беті мен алқызыл ернін де бозартып жіберді. Енді ол жүдеген, жабыққан, өмірі күлмейтін әйелге айналды. Эм апай Доротидің осында алғаш келген кездегі күлкісінен шошығаны сондай айқайлап жіберетін. Кішкене қыздың ешнәрсеге қарамай, көңілді жүретініне тамсана қарайтын. Доротиді күлдіріп, онсыз да сұр түске боялған айналаны көңілдендіретін Тото еді. Тото сұр емес, кішкентай қара ит. Тото күні бойы ойнайтын, Дороти де соған еретін. | 15 |
| Бірақ бұл күні екеуі де ойнай алмады. Генри ағай табалдырықта отырып, аспанға үреймен қарады. Дороти де Тотоны қолына алып, аспанға қарап тұрды. Солтүстік жақтан желдің қатаң даусы естіліп, Генри ағай мен Дороти биік шөптің дауыл алдында тербеліп тұрғанын көрді. Енді оңтүстіктен азынаған ысқырық естіліп, сол бағытқа зер салғанда, шөптің қозғалысынан осы бағыттан да жел толқындары келіп жатқанын байқады. | 20 |
| Генри ағай атып тұрды. "Эм, дауыл келе жатыр, — деді ол әйеліне. — Барып, малды көрейін." Бұл сөзінен кейін ол сиырлар мен жылқылар тұрған қораға қарай жүгірді. Эм апай жұмысын тастай сала, есікке жүгіріп келді. Бір қарағаннан қатердің қол созым жерде тұрғанын сезді. "Тез, Дороти! — деп айқай салды. - Жертөлеге жүгір!" Тото Доротидің қолынан секіріп түсіп, төсектің астына тығылып қалды. Қыз болса, оны шығара бастады. Қатты шошыған Эм апай едендегі есікті ашып жіберіп, баспалдақпен шағын, қараңғы жертөлеге түсе бастады. Дороти Тотоны ұстап, апайының артынан ерді. Есікке жақындағанда желдің уілдеген даусы естіліп, үй қатты сілкіне бастады. Дороти тайып құлады. | 25 |
| | 30 |
| | 35 |

| | |
|--|----|
| <p>Осы сәтте мынадай оқиға орын алды. Үй екі-үш рет айналып, әуеге баяу көтеріле бастады. Дороти өзін шармен аспанға көтерілгендей сезінді. Солтүстіктен және оңтүстіктен соққан жел үй тұрған жерде қосылып, оны дауылдың дәл ортасына айналдырды. Үйдің жан-жағынан қысқан үлкен қысым үйді биіктен биікке көтеріп, дауылдың дәл төбесіне жеткізді. Сонда тұрып ол мамықтай жеңіл күйі шақырымнан шақырымға алыстай берді.</p> | 40 |
|--|----|

| | |
|--|--|
| <p>1 Мәтіннің 1-абзацында қай сөз жүкті тасымалдауға арналған көлік түрін білдіреді? Сөзді мына жерге жазыңыз: _____</p> <p>2 Дороти және оның ағайы мен апайы тұрған үйді қай сөз дұрыс сипаттайды? А қарапайым Ә лас Б бос</p> <p>3 2-абзацтың ортасындағы 7-жолда берілген «қирату» сөзі нені білдіреді? А жерге құлату Ә жермен жексен ету Б басқа жерге көшіру</p> <p>4 Дороти тұрған жердің ең жақсы сипаттамасын көрсетіңіз. А өсімдіктері жоқ, құрғақ аймақ Ә биік, таулы аймақ Б ағашсыз, шөпті дала</p> <p>5 13-жолдағы «оны» есімдігі қай сөзге қатысты берілген? А дала Ә жер Б шөп</p> | |
| <p>6 Жазушы «сұр» түсті көп қолдану арқылы заттардың қандай екенін көрсеткісі келді? А ескі Ә қайғылы Б суық</p> <p>7 Мәтінге сүйене отырып, Доротидің мінезіндегі екі ерекшелікті жазыңыз. _____(1) _____(1)</p> <p>8 5-абзацта Генри ағайдың аспанға қараған себебі не? А Басқа айналысатын нәрсе болмады. Ә Дороти мен Тотодан жалығып отырды. Б Дауыл болып қала ма деп уайымдап отырды.</p> <p>9 Мәтіндегі қай сөз дыбысты ең жақсы сипаттайды?</p> | |

- А** ысқырық
- Ә** тербелу

- Б** толқын

10 Мәтіндегі қай сөз сиырлар немесе қойлар сияқты үй жануарларының тобын білдіреді?

Мәтіндегі сөзді осы жерге жазыңыз: _____

11 34-жолдағы «Қол созым жер» тіркесі нені білдіреді?

- А** пайдалы
- Ә** мүмкін
- Б** жақын

12 Мәтіннің соңында қандай «қызық оқиға» орын алды?

- А** Дауыл кенеттен тоқтап қалды.
- Ә** Үй алысқа ұшып кетті.
- Б** Жоқ жерден шар пайда болды.

13 Жазушы неге соңғы сөйлемде «биіктен биікке» және «шақырымнан шақырымға» деп бір сөзді екі рет қайталайды?

- А** Бір нәрсенің маңызды екенін көрсету үшін.
- Ә** Оқырманның есіне бір нәрсені түсіру үшін.
- Б** Бір нәрсенің мәнісін күшейтіп көрсету үшін.

14 Жазушы «мамықтай жеңіл күйі» тіркесінде «мамық» сөзі арқылы үйдің қандай екенін көрсеткісі келді?

- А** құстай ұшқанын
- Ә** бірегей екенін
- Б** салмағы жеңіл екенін

А бөлімі: балл қою кестесі

| Сұрақ нөмірі | Дұрыс жауабы |
|--------------|--------------|
| 1 | арба |
| 2 | А |
| 3 | Ә |
| 4 | Б |
| 5 | Ә |
| 6 | Ә |

| | |
|----|---|
| 7 | Төмендегілердің кез келген екеуін қабылдауға болады: Дороти бақыттырақ Дороти көңілсіз емес (күңгірт емес, жабырқаңқы емес, т.б) Дороти ойнайды/күледі Басқа да мүмкін болатын жауаптар |
| 8 | Б |
| 9 | А |
| 10 | мал |
| 11 | Б |
| 12 | Ә |
| 13 | Б |
| 14 | Б |

[Барлығы: 15]

Ә бөлімі: жазылым

Төмендегі сұрақтардың **біреуіне** жауап жазыңыз. Кемінде 100 сөз жазуыңыз керек.

| | |
|---|---|
| 1 | Доротидің басынан сол күні қызық оқиға өтті. Енді өз басыңыздан өткен қызық немесе бірегей бір оқиға туралы досыңызға хат жазыңыз. Сәлем ... |
| 2 | Жақында мектепте бір бірегей немесе қызықты оқиға орын алды. Оқушыларға болған жайтты сипаттайтын тақырыбы бар бір мақала жазыңыз. |

Ә бөлімі: Балл қою кестесі

| | Мазмұны | Құрылымы | Тілі | Пунктуация | Дұрыс жазу |
|---|--|---|--|---|--|
| 3 | Мазмұны мен идеясы толық сәйкес келеді. Жанр сипаты жақсы дамыған және толық сәйкес келеді. Мақсатты аудитория қамтылған | Мәтін абзацтарды қолдана отырып, толық логикалық түрде құрылымдалған. | Қарапайым және күрделі грамматикалық құрылымдарды көп пайдаланған, лексика лайықты деңгейде қолданылған. Қателер өте аз кездеседі және түсінуге кедергі келтірмейді. | Тыныс белгісі мәтіннің барлық бөліктерінде сауатты қолданылған. | Қарапайым және күрделі сөздерді дұрыс жазады. Елеусіз қателер кездеседі. |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|
| 2 | <p>Мазмұндауын да аздап қателіктер мен сәйкессіздіктер кездеседі.</p> <p>Жалпы жанр сипаты бар.</p> <p>Мақсатты аудиторияны аздап білетіні байқалады.</p> | <p>Мәтін жалпы жақсы құрылымдалған және байланысқан. Абзацтар түсіп қалуы мүмкін немесе кей жағдайда қолданылмаған. Негізгі байланыстырушы сөздері бар.</p> | <p>Күрделі грамматикалық құрылымы бірнешеу және көп қарапайым құрылымдарды пайдаланған, ауызекі стильдегі тілді қолданған. Қателері біршама, кей жағдайда түсінуге қиындық келтіреді.</p> | <p>Тыныс белгісі негізінен дұрыс, кей жағдайда қателер кездеседі.</p> | <p>Қарапайым сөздерді дұрыс жазады. Күрделі сөздерді жазуда жиі қателеседі.</p> |
| 1 | <p>Тапсырманы түсінбеген немесе толық сәйкес емес.</p> <p>Жанрдың сипаттық ерекшеліктері әлсіз немесе мүлде жоқ.</p> <p>Мақсатты аудиторияны білмейді.</p> | <p>Мәтін байланыспаған.</p> <p>Абзацтар дұрыс қолданылмаған немесе мүлдем жоқ.</p> <p>Тек қарапайым байланыстырушы сөздер қолданылған.</p> | <p>Грамматикалық құрылымы қарапайым, тек қарапайым сөздерді қолданған.</p> <p>Қателері біршама және мағынасы жиі бұрмаланған.</p> | <p>Тыныс белгісінен жиі қателер жібереді, түсінуге қиындық келтіреді.</p> | <p>Дұрыс жазуда жиі қателер жібереді, түсінуге қиындық келтіреді.</p> |
| 0 | Төмен немесе сәйкес емес жауап. | | | | |

